



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2018 жылғы 15 наурыз

2018 жылғы ақпандағы инфляциялық күтулер туралы


Халық арасында жүргізілген инфляциялық күтулерді бағалау жөніндегі кезекті пікіртерім нәтижелері қабылданатын (өткен кезеңдегі) және күтілетін (болашақ кезеңде) инфляцияның төмендеу үрдісінің жалғасып отырғанын көрсетеді.

«Өткен айдағы» қабылданатын инфляцияны бағалау бағалардың өзгермегенін немесе олардың қалыпты өсуін атап өткен халық үлесінің 2018 жылғы қаңтардағы 51%-дан ақпанда 58%-ға дейін ұлғайғанын көрсетіп отыр. Өткен айда бағалардың өте қатты өскенін атап өткен халықтың үлесі 28%-ға дейін (салыстыру үшін – 2017 жылғы қазанда 44%) төмендеген. Сонымен бірге жекелеген айларда оның ауытқуына қарамастан, «соңғы 12 айда» қабылданатын инфляция деңгейінің баяулауының ұзақ мерзімді үрдісі жалғасуда – «12 айда бағаның 10%-дан аса өскенін» атап өткен халық үлесі ақпанда 58%-ға дейін (қаңтарда – 62%) төмендеді.

Инфляциялық күтулердің тұрақтанғанын «келесі айда» бағалардың қалыпты өсуін немесе тұрақтылығын күтетін және бағаның айтарлықтай өсуін күтетін пікіртерімге қатысушылар үлесінің ұлғайғаны көрсетіп отыр. Халықтың неғұрлым ұзақ кезеңге инфляциялық күтулерінің төмендеуі жалғасуда. «Келесі 12 айда» бағаның өсу қарқынының сақталуын немесе төмендеуін күтетіндердің үлесі бір айда 61%-дан 64%-ға дейін ұлғайды.

Халықтың инфляциялық күтулерді сандық бағалауы (12 айдан кейін күтілетін инфляция) 2018 жылғы қаңтардағы 6,6%-дан 2018 жылғы ақпанда 6,0%-ға дейін төмендеді (1-график) және ол ағымдағы жылғы инфляцияның таргеттелетін дәлізінің шегінде болып отыр.

Инфляция және күтілетін инфляция



Дереккөзі: ҚР ҰЭМ Статистика комитеті, GfK Kazakhstan

Толығырақ ақпаратты төмендегі телефон арқылы алуға болады:

+7 (727) 270 45 85

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz